



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№33/521

18 августа 2017 года

## Вестник

### ЖАСТАРДЫҢ КӨҢІЛДІ КЕШІ

Жастар фестивалі

Мемлекет тарапынан жастардың білім алуына, еркін өмір сүруіне, қоғамдық жұмыспен және табысты жұмыспен айналысуына тағы басқа да қолайлылық-



тар бойынша жасалынып жатқан қамқорлық ұшан-теңіз. Мемлекеттік жастар саясаты мемлекет шеңберінде мемлекеттік өкімет органдары тарапынан, жастардың салалық және аймақтық қоғамдық ұйымдарының қатысуымен құрылуда һәм ең жайдырылуда. Мемлекеттің ауқымды қолдауының арқасында жастардың рухани, мәдени, сауаттану дамуына және кәсіптік деңгейін арттыруы үшін оларға

«Рухани жаңғыру», «Туған жер» және «Атамекен» бағдарламалары аясында қызмет көрсетіледі. Өздеріне мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау мен жақсылық-тарды сезіне білген Приозерск қаласының жастары мен оларды ұйымдастырып отырған «Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы» қаланың қоғамдық және мәдени-көпшілік жұмыстарының дамып, өсіп-өркендеуіне қал-қадерінше үлестерін қосып келеді.

Жуықта, яғни жастардың халықаралық күні мерекесі құрметіне қала жастарының ұйымдастыруымен және қатысуымен «Креатив толқынында» атты жастар фестивалі болып өтті.



берді және құттықтау сөз сөйледі. Қаланың екі мыңнан астам тұрғындары мен жастары қатысқан Фестивальде оларға «Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі мем-

лекеттік мекемесінің» қолдауымен сауда қызметі көрсетіліп, мерекелік отшашу жасалды. Осы күнгі мерекелік кеште жергілікті бюджеттен 1 миллион теңге көлемінде қаржы жұмсалыпты.

Қала жастары мен тұрғындары ән тыңдап, би билеп мерекелік кештен үйлеріне көңілдері көтеріліп оралды.

Н.ӨТЕП,  
қ.Приозерск

1-қыркүйек – Білім күні

ЭКСПО-2017

### МЕКТЕПТЕР ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫН

Приозерск қаласының № 2 Жалпы орта білім беретін мектебінде де 2017-2018 жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары қызу жүргізілуде екендігіне куә болдық. Биылғы жөндеуді қолдарына алған «Гранд құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жұмысшы-құрылысшылары оқу жылының



басталуына таяғанға дейін жұмыстарын аяқтады мақсат етіп, жандарын сала қимылдауда екен. Мектептің ішінде де жөндеу жұмыстары кең көлемде жүргізіліп, басым бөлігі аяқталып қалыпты. Атап айтсақ, мектеп ғимаратының 1, 2, 3 қабаттарының дәліздеріне, сынып бөлмелеріне, мәжіліс залына косметикалық жөндеу жүргізіліпті. Мектептің спорт залының еденіне жұмсақ төсеніш және төбесіне шатыр жабылған. Қанша айтқанмен жаңаның аты жаңа ғой, спорт занының көркіне көз тоймайды. Енді бұл жерде оқушылар алаңсыз спортпен шұғылданып, денсаулықтарын шындай түсуге мол мүмкіндік алды.

Бірінші қабаттың бұрын шағын орталық орналасқан бөлігіне шағын орталықтың жабылуына байланысты инклюзивті білім беру сыныптарына арналған бөлмелер жөндеуден

өтіпті (4 сынып, дене шынықтыру-сауықтыру залы, логопед, дефектолог және психологқа арналған бөлмелер т.б.). Сонымен қатар медициналық қызмет көрсету бөлмесі, гардероб жөндеуден өткен. Мектеп ауласына әлі де күрделі жөндеу жұмыстары толассыз жұмыс жүріп жатты: ауласына кеспе кірпіштер төселіп, алдыңғы бөлігіне жарғылай қоршау салынған. Мектеп үшін ең маңызды болып саналатын оқу кітаптарын алуға да тапсырыс беріліп қойған.

Мемлекеттен және қала әкімдігінен беріліп жатқан көмек пен қамқорлықтың арқасында аталмыш мектеп те білім күнінде жаңа оқу жылын зор қарқынмен бастамақ. Оқушылар да Алтын ұя мектептерімен және сыныптастарымен қауышатын сәтті асыға күтулі.



Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі.  
Суреттерде: жөндеуден өткен жерлер

### 500-ТЫСЯЧНЫЙ ПОСЕТИТЕЛЬ ПАВИЛЬОНА ЯПОНИИ НА МЕЖДУНАРОДНОЙ ВЫСТАВКЕ



16 августа 2017 г. На Международной выставке ЭКСПО-2017, проходящей в Астане, павильон Японии посетил своего 500-тысячного посетителя.

В первый день открытия выставки павильон Японии посетил всего 6000 человек. Но на сегодняшний день среднее количество посетителей составляет 8000 человек. Среди наших гостей есть как граждане Казахстана, так и гости с разных стран, включая взрослых и детей, а также политический и бизнес сектор.

500 000 посетителем нашего павильона становится Амангараев Нурим из Костанайской области, город Рудный! В этот день он впервые посетил павильон Японии со своей семьей и поделился следующими впечатлениями: «Мы приехали на ЭКСПО на ночном поезде. Мы с семьей очень рады, что стали 500000-м посетителем. Как мы и представляли, Япония – страна, которая славится своими технологиями. Мы в этом ещё больше убедились».

С поздравительным словом выступил директор павильона Щибамото Хидэкадзу, который в своей речи сказал «Я хотел бы, чтобы еще один человек узнал не только о

высоких технологиях Японии, которыми она так славится, но и о бережности японцев, с которой они относятся к природе, а также богатую культуру и природу Японии.

Павильон Японии с темой «Smart Mix with Technology» представляет высокие технологии и показывает готовность внести свой вклад в решении глобальных проблем человечества. Так же занимается продвижением города Осака, который является одним из кандидатов на проведение ЭКСПО-2025.

Павильон пользуется большим спросом среди посетителей благодаря интерактивному видео на большом экране, которое свя-



зано с мобильным приложением, а также тем что по сравнению с другими павильонами, которые в основном идут на русском и английском языках, в павильоне Японии главным языком является казахский язык.

источник: <http://expo2017astana.com>



КАЗАХСТАН БАСПАСӨЗІНІҢ ДАЙДЖЕСТІ

\*\*\*

ДАЙДЖЕСТ КАЗАХСТАНСКОЙ ПРЕССЫ

## НУРСУЛТАН НАЗАРБАЕВ ДАЛ ИНТЕРВЬЮ ТЕЛЕКАНАЛУ «ХАБАР»

Глава государства Нурсултан Назарбаев дал интервью телеканалу "Хабар", во время которого ответил на актуальные вопросы, связанные с ходом процесса модернизации общественного сознания и рассказал об ожидаемых результатах конституционной реформы, сообщает akorda.kz.

народной специализированной выставки "ЭКСПО-2017" и поделился планами использования объектов комплекса после завершения ее работы.

Кроме этого, Елбасы рассказал о перспективах развития отечественного туризма, в том числе формировании региональных культурно-туристических



Президент Казахстана также остановился на важности проведения между-

кластеров.

источник: www.akorda.kz.

### Президент тапсырмасын орындау

## «НҮРЛЫ ЖЕР»: ЖЫЛ СОҢЫНА ДЕЙІН 16 МЫҢНАН АСТАМ ПӘТЕР БЕРІЛЕДІ

Жыл басынан бері «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 6,2 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 7 айдың қорытындысы бойынша, тұрғын үй құрылысына 445,2 млрд теңге бөлінген. Мемлекеттік қаражат есебінен жалпы ауданы 541,3 мың шаршы метрді құрайтын 8 829 пәтер салынған. Жыл соңына дейін тағы қосымша жалпы аумағы 948,2 мың шаршы метр 16 176 пәтерді өткізу жоспарда бар.

Үкіметтің баспасөз орталығында өткен кезекті брифинг кеше «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысына арналды. Оған Инвестициялар және даму вице-министрі Роман Скляр, ИДМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы істері комитетінің төрағасы Мархабат Жайымбетов, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова қатысып, халықты тұрғын үймен қамту үшін қолға алынған шаралар ретін баяндады. Вице-министр Р.Скляр жыл басынан бері қаржыландырудың барлық көзі есебінен пайдалануға берілген 6,2 млн шаршы метр тұрғын үй «Нұрлы жер» бағдарламасының жылдық жоспарының 61 пайызын құрайтынын атап өтті. Айтуынша, тұрғын үйлерді өткізу бойынша Астана (1 680,2 мың шаршы метр), Алматы (981,6 мың шаршы метр) қалалары, Маңғыстау (592,7 мың шаршы метр) және Оңтүстік Қазақстан облыстары (348,9 мың шаршы метр) көш бастап тұр. Ал жеке тұрғын үйді өткізу бойынша Маңғыстау, Қызылорда, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары алды. Биыл бағдарлама аясында әкімдіктерге 25 млрд теңге бөлінген және 6 мыңға жуық арендалық пәтерлердің құрылысы басталған, олардың жартысы жыл соңына дейін өткізілмек. Вице-министрдің мәлімдеуінше, арендалық үйлермен негізінен баспана сатып алуға мүмкіндіктері жоқ ха-

лықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтары қамтамасыз етіледі. Аренда ақысы, сатып алу құқығынсыз, әлеуметтік тұрғын үйдің 1 шаршы метріне шамамен 100 теңгені құрайды. Сондай-ақ, вице-министр «Нұрлы жер» бағдарламасының маңызды бағыттарының бірі жеке тұрғын үй құрылысын дамытуға қолдау көрсету екенін, мемлекет азаматтарға құрылыс салуға бөлген жер телімдеріне инфрақұрылым жүргізуді қамтамасыз ететінін атап өтті. Бұл ретте, жыл сайын желілерді салуға 80 млрд теңге бөлу қарастырылмек, олардың 50 пайызына дейін жеке тұрғын үй құрылысы жүріп жатқан аудандарға инженерлік желілерді жүргізуге бағыттау көзделді. Бұл орта есеппен 15 жыл ішінде жыл сайын шамамен 40 мың жер телімін желілермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді екен. Жартыжылдықтың қорытындысы бойынша, жоспарланған 60 мың жер телімінің бүгінде 23,5 мың инженерлік желімен қамтылған. 4 облыс орталығында бірінші сәулет стилінде жеке баспаналар құрылысының қанатқақты жобасын іске асыру жұмыстары басталған. Осындай баспананың құны 90 пайызға дейін отандық құрылыс материалдарын қолдану есебінен шаршы метріне 120 мың теңгені құрайды. Қанатқақты жобада жер теліміне кезекте тұрған азаматтарға дайын үйді сатып алу құқығы беріледі. Қазіргі уақытта «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша ипотекалық қарыздарды жеңілдікті несиелеу тетіктерін іске асыру басталған. Тұрғындар үшін ипотекалық қарыздар бойынша нарықтық мөлшерлемені төмендету мақсатында мемлекет Қазақстан ипотекалық компаниясы арқылы бастапқы жарнаның 30 пайызын төлеген жағдайда екінші деңгейлі банк ипотекасы бойынша шығындарды өтейді. Субсидияларды ескере отырып, тұтынушы үшін соңғы мөлшерлеме 10 пайызды құрайды, оған қоса қарыздар жаңа салынған үйлерден тұрғын үй алу үшін субсидияланады.

## КАЗАХСТАНЦЫ НА ДЕНЬ КОНСТИТУЦИИ И КУРБАН АЙТ ОДНОУТ ДВА ДНЯ

АСТАНА. КАЗИНФОРМ — Рабочая неделя в конце лета — начале осени для казахстанцев продлится всего три дня. Граждане отдохнут в среду в честь Дня Конституции, а в пятницу - Курбан Айта, передает корреспондент МИА «Казинформ».

День Конституции, который отмечается ежегодно 30 августа, выпадает на среду. Согласно календарю праздничных и выходных дней на 2017 год, казахстанцы смогут отдохнуть только один день — в среду.

Первый день мусульманского праздника Курбан Айт в этом году выпадает на 1 сентября — пятницу. Религиозные праздники в Казахстане, согласно пункту 5 Статьи 84 Трудового кодекса РК, являются нерабочими независимо от применяемых режимов



работы и графиков сменности.

Таким образом, четверг будет обычным рабочим днем, пятница — выходной, а далее еще 2 выходных подряд — 2 и 3 сентября (суббота и Воскресенье).

Никаких дополнительных переносов не предусматривается.

источник: МИА «Казинформ»

### Культура

## ДАНИАЛ АХМЕТОВ: МЫ ДОЛЖНЫ БЕРЕЖНО ХРАНИТЬ ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ

В регионе в рамках реализации программы "Рухани жангыру", инициированной Президентом РК, в ВКО разработано несколько десятков проектов, в основе которых лежит многообразие культур региона, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на пресс-службу региона.

Среди приоритетных разработок аспекты трехязычия, "Туған жер", сакральные географические места. Об этом напомнил на заседании областного акимата глава региона Даниал Ахметов.

"Мы готовим проектно-сметную документацию одного из сакральных мест в Абайском районе — пещере Коныр-Аулие. Тысячи паломников идут к подземному озеру. По моему поручению ведутся работы по благоустройству территории, чтобы люди могли без проблем спуститься к ритуальному месту и отдохнуть с комфортом", — рассказала аким ВКО.

В ближайшее время состоится презен-



тация региональной программы "Рухани жангыру". Как отметил Даниал Ахметов, очень важно понимать, что это не просто теоретический труд, это глубокий анализ нашего исторического наследия.

"Мы должны делать так, чтобы оно было сохранено и приумножено", — подчеркнул аким области.

источник: www.kazpravda.kz

Астана және Алматы қалаларында несиелер 20 млн теңгеге дейінгі, өңірлерде 15 млн теңгеге дейінгі сомада беріледі. Республикамыздың 11 өңірінде халықты жеңілдікті мөлшерлеме бойынша несиелеу жүргізіліп жатыр. Бүгінде 10 банк бағдарламаны іске асыруды бастауды жоспарлап отырса, 3-уі ипотеканы белсенді түрде іске асырып жатыр екен. Қазіргі уақытта олар азаматтардан ипотека алуға өтінімдер қабылдауда. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында, сонымен қатар, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ салымшылары мен әкімдіктерде кезекте тұрғандар үшін несиелік тұрғын үй құрылысы қарастырылған. Тұрақты табысы бар азаматтар тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі арқылы жеке баспана алу мүмкіндігіне ие болады. Оған қоса, бастапқы жарнаның төменгі шегі мен қарыздар бойынша ең аз мөлшерлемелер қарастырылған. Бүгінгі таңда жоспарланған 15 мың пәтердің 6 140 несиелік пәтері салынған. Мамандар сондай-ақ, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы тұрғын үй құнын айтарлықтай



төмендетуге мүмкіндік бергенін атап өтті. Айтуларына, Қазақстанда бағдарлама іске қосылғаннан кейін құрылыс нарығында тұрғын үйдің шаршы метрінің бағасы айтарлықтай төмендегені байқалған. Мәселен, қазір өңірлерде шаршы метріне 140 мың теңгеге дейін тұратын баспаналар салынып жатыр, ал Астана, Алматы қалаларында және еліміздің батыс өңірлерінде пәтердің шаршы метрі 180 мың теңгеге дейін тұрады. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында биыл 10,2 млн шаршы метрден астам тұрғын үй, яғни 99 мың пәтер пайдалануға беріледі деп күтіліп отыр. Оның ішіндегі жалпы аумағы 1,5 млн шаршы метрді құрайтын 25 мың пәтер мемлекеттік инвестиция есебінен берілмек.

дереккөз: <https://egemen.kz/>





## БАБАЛАР АРМАНЫ ОРЫНДАЛДЫ



**Қаладағы бірден-бір коммуналдық шаруашылық мекеме – «КТҮҚҚ басқармасы» КМК-да қызметін қарапайым қызметкерден бастап шебер, бас инженер, мекеменің директоры лауазымына дейін өскен, былайғы жұрт Оспан деп атайтын Қаланбоев Усмон Уринбоевичтің өмір тарихы жайында қалада тұратын көптеген жұрт біле бермесі анық. Сондықтан бүгінгі жұмырнамалық очеркімізде оның өмірбаянына үңіліп, оқырмандар назарына ұсынуды жөн санадық.**

Төлқұжаты бойынша Қаланбоев Усмон Уринбойұлы (тәжік хапшының жасағаны) кеңес үкіметінің дәуірлеп тұрған кезінде сол замандағы Тәжік КСР-інің Шартуз ауданы, Гагарин ұжымшарында қарапайым механизатор отбасында дүниеге келіп, бала шағынан ауылдағы еңбекке араласып өскен. (Тәжіктер толтырған құжат бойынша оның аты-жөні Усмон болса да, біз мақаламызда аталары азан шақырып қойған Оспан деп және қазақша тегімен атап отыратын боламыз). Оспан бала кезден-ақ екеге еліктеп, темір-терсекке үйір болды. Механизацияға байланысты тірліктерге араласуды жаны қалап тұратын. Сондықтан болар, 1991-жылы орта мектепті

жақсы үлгеріммен бітірген болса да басқа балалардай жоғарғы оқу орындарына қарай ұмтылмай-ақ аудан орталығындағы кәсіптік техникалық оқу орнының ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын бөліміне оқуға түсіп, 1992-жылы оны жақсы аяқтаған соң мамандығы бойынша ұжымшарда еңбектегі жолын бастаған. (Осы жерде оның арғы тегінен аз-кем ақпар беретуді жөн санаймыз).

Кеңес үкіметінің жеңіске жетіп, үстемдік құруы қазақ еліне аз қасірет-қайғы әкелмегені жазылып, жазылмаған тарихтан белгілі. Оспанның арғы ата-бабалары да «қызылдар» қырғыны елге келіп бүлік салғанға дейін қазіргі Қызылорда облысының Қармақшы ауданының төңірегінде қарапайым шаруа баққан, сонымен отбасылары, айналасын асырап отырған жандар болған. Алдарындағы малдарынан тігерге тұяқ қалдырмай тартып алып, бала-шағаның ішіп-жеміннен айырған соң, жан бағып әрі қызылдардың мылтық оғы мен әпербақан қылықтарынан бас сауғалауға мәжбүр болады. Сөйтіп сол кездегі қазақ қауымының үдіре көшіп жатқан жағы – ауған еліне қарай бұлар да жөнкі көшеді. Осылайша тәжік еліне келіп, әрі қарай жүруге шамалары жетпегендері осы жұрттың топырағында қалып кетеді. Ол уақта тәжік елі тыныш әрі ішіп-жемге бай ел болғандықтан, бала-шағаның амандығын ойлап, осында еңбек етуге тура келген. Кейіншелік бұл жаққа да қызыл басқыншыларының табаны тиген және олардың үстемдігіне бас июге мақұл болмасқа қадері қалмаған. Одан әрі кеңес пен фашизм арасында соғыс басталып, туған жерге оралудың сәті түспепті. Бірақ туған жерден мәжбүрі түрде баз кешкен ата-бабалары ұрпақтарына ретті сәт туысымен елге оралуларын аманаттап кеткен және өздерінің мәйіттері тәжік жерінде жерленген....

1992-жылы тәуелсіздік орнауымен сол кездегі барлық кеңестік Республикалар өздерінің егемендіктерін жариялады. Сол күннен бастап Оспанның әкесі Орынбайдан тыныш кетеді. Бұл орасан өзгерістің ақыры қалай болады деп күтіп жүргенде арадан екі жыл өте шыққан. 1994-жылы

ғана тәуелсіздіктің анық орнағанына көзі жеткен Орекең отбасын, ағайын-туғандарын жетектеп елге ат басын бұрады. Сол жылы әуелі Оңтүстік Қазақстан облысына, араға бір жыл салып, 1995-жылы сол кездегі Жезқазған облысының Приозерск қаласына көшіп келген. Осы жылдың 1-қарашынан бастап о баста өзі қалаған мамандығы бойынша коммуналдық шаруашылық саласына жұмысқа орналасады. Содан бергі саналы ғұмыры аталмыш мекемеде өтіп келеді. Бастан талай-талай жетіспеушіліктер мен қиындықтар да өткені көз алдында. 1997-жылдан қаланың «Жылумен қамтамасыз еті және шығынды сулар» КМ кәсіпорнының жөндеуші ұстасы, сол учаскенің шебірі қызметтерін атқарған. 2000-жылы Сыртқы су және жылумен қамтамасыз ету учаскесінің басшысы етіп тағайындалады. Бұл кезеңде тозығы әбден жеткен аталған салада тер төгетін, тығырықтан шығар жол іздейтін қиындықтар жетерлік болатын. Бала кезінен еңбектің белортасында өскен, өз саласын жетік меңгерген Оспан Орынбайұлы бұл қиындықтан да өтудің жолын таба білді. Біліктілігінің, ұймдастырушылық қабілетінің арқасында 2005-жылы «КТҮҚҚБ» КМК бас инженерлігіне тағайындалып, 2006-жылы мекеме директорлығына жоғарылатылады. 2011-13-ж.ж. аралығында болып тұратын түрлі алмастырулардың арқасында бас инженер және директорлық қызметтерін абыроймен атқарды. Бүгінгі таңда яғни үстіміздегі жылдың 21-шілдесінен бастап өзінің негізгі қызметіне қоса кәсіпорынның директоры міндетін атқарып жүр. Ол атқаратын қызмет арасынан уақыт тауып, өз білімін жетілдіруді де ойластырған. Себебі заман талабы солай. 2003-жылы Қазақстан-Ресей университетінің экономика бөліміне оқуға түсіп, оны 2008-жылы бітіріп алыпты. Экономика саласынан білімнің болуы оның басшылық жұмыстағы қызметіне жаңа серпін беруде, экономика тегігін меңгермей алға жылжу да, табысқа жету де мүмкін емес..

Әр жылғы жазғы маусым кәсіпорынның алдағы қысқа дайындықты қызу жүргізетін тынымсыз шағы. Мекеменің басшысынан кешесіне дейін дерлік жөндеу-дайындау қызметінің бел ортасында жүреді. Жұықта біз О.Қаланбаев және Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы,

100 ЖАҢА ЕСІМ



жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысы Темірхан Айдархановпен біргелікте №1 қазандықты һәм басқа да коммунадық нысандардың қысқа дайындық жұмыстарының барысын топ болып көріп шыққан едік. Жөндеу-дайындау жұмыстарының басым бөлігінің орындалғанына куә болдық. Осы салада үздіксіз қызмет етіп келе жатқан Оспан Орынбайұлының аталған саланың бүге-шігесіне дейін жаңақтай шағатынын бұрыннан да білетінбіз. Себебі ол қала коммуналық саласының отымен кіріп, күлімен шығып жүрген санаулы мамандардың бірі. Оспанның ұзақ жылдық төккен тері мен қызметі елеусіз қалмапты. Басшылық тарапынан еңбегі ескеріліп, 2001-жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай арнайы медальмен, сондай-ақ бірнеше рет облыс және қала әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Марапат өз алдына, адамның адамгершілігі, елі мен Отаны үшін жасап жатқан қызметі мен еңбегі, өзі тұрып жатқан ауылдың немесе қаланың өсіп-өркендеуіне сіңіріп жатқан өлшеусіз еңбегіне халықтың ризалығын, алғыс-рахметін білдірген ықыласы – барлық марапаттан артық емес пе?.. Бұл тұрғыдан келгенде де Оспанның алар бағасы өз алдына бір төбе. Біздің ойымызша, ең бастысы Оспан Қаланбаев өзіне ата-бабалары сенім етіп қалдырған аманатты орындап, перзенттік парызын өтеді. Тарихи Отанға оралған соң қолынан келген қызметтің бәрін жасап, ұрпақтық рухын бәсеңдетпеді жәні қазақ елінің, тұрақтаған қаласының өркендеп, өсуіне өзіндік үлесін қосты һәм қызметін жасады. Ұл-қыздарын өсіріп, оларды Қазақстанның болашағы үшін қызмет ететін ұрпақтар қатарына қосты. Азамат үшін бұдан артық бақыт бар ма?!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
ҚР журналистер одағының мүшесі.  
Суретте: О.Қаланбаев

Қазыбек биге - 350 жыл

## ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ДАНАЛЫҚТАРЫ

Қазадауысты Қазыбек бидің батагөй-шешен, сөзді тауып айтып, айтарлың қарасөзбен де, өлеңмен жеткізе білетін қазына, сөз дүдділ адам болғанын тарих беттерінен жақсы білеміз. Биылғы бидің туғанына 350 жыл толып отырған жылда ұрпақтарға үлгі-өнеге болу үшін оның осындай билік сөздері мен баталарынан газет бетінде жариялап отыруды өзіміздің парызымыз һәм қарызымыз санаймыз. Төменде Қазыбек бидің бата-тілектеріне назар аударыңыздар:

Өркенім өссін десең, Кекшіл болма, Кесапаты тиер еліңе. Елім өссін десең, Өршіл болма- Өскеніңді өшірерсің. Басына іс түскен пақырға, Қастық қылма- Қайғысы көшер басыңа. Жанашыры жоқ жарлыға, Жәрдемші бол асыға, Қиын-қыстау күндерде, Өзі келер қасыңа. Бүгін сағы сынды деп, Жақыныңды басынба. Атадан жақсы ұл туса, Елінің туы болады. Атадан жаман ұл туса, Көшінің ең соңы болады. Тату болса, ағайын жақын. Ақылшы болса, апайың жақын. Бауырмал болса, інің жақын. Алдыңа тартқан адал асын. Қимас жақын-қарындасың, Сыбайлас болса, нағашың жақын. Адал болса, досың жақын. Еркелейтін немерен жақын. Өз ұрпағың шеберен жақын. Жан серігің жас кезіңнен Бәрінен де әйелің жақын. Алтын ұя – Отан қымбат, Құт берекен - атаң қымбат. Айналайтын анаң қымбат. Мейірімді апаң қымбат. Асқар тауың - әкен қымбат. Туып-өскен елің қымбат. Ұят пен ар қымбат. Өзің сүйген жар қымбат. Арадан шыққан жау қиын, Таусылмайтын дау қиын. Шанышқылаған сөз қиын, Дәл осындай жағдайда, Пана болмас өз үйің.



**Жазылмаса дерт қиын, Іске аспаған серт қиын. Ақылдыңнан адасып, Өзің түскен өрт қиын. Не істеріңді біле алмай, Ашиды сонда бас, миың. \*\*\***

**Ауыруын жасырған ажалсыз өледі, Зорлықтан қорыққан амалсыз өледі. Айтпайын десе, бұған сор, Айтпайын десе, елге сор. Отыз тістен шыққанды, Отыз рулы ел білер. Қазақтың қайғысы - қалмақ еді, Берекемен жауын алмақ еді. Мынау берекені бұзатын құрт ауру. Не қылған ауыр салмақ еді! Қазақтың түбіне жететін сұмдық дерт, Зағыр майындай жағылмаса игі еді?!**

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

## КТО ТАКИЕ ВЕГАНЫ И ЧТО ОНИ ЕДЯТ?

Веганы – самое известное и давно существующее течение вегетарианства. Часто их еще называют старовегетарианцами. Истоки старовегетарианства лежат в Средневековье. Особое распространение этот вид вегетарианства начал получать в конце девятнадцатого века. Расцвет течения пришелся на двадцатый век. Множество известнейших людей были веганами, в том числе и жена Пола Маккарти Линда, и сам известный музыкант.



Суть старовегетарианства проста – они исповедуют полный отказ от животного белка в любом его виде. Никаких яиц, молока, сливочного масла и даже сыра! Старовегетарианцы убеждены, что природа создала человека для питания исключительно растительными продуктами, и он не способен усваивать полноценно животные жиры и аминокислоты.

Для человека наиболее полезны по их понятиям картофель, горох, бобы, рис, маис, различные фрукты и овощи. При этом – что облегчает вхождение в эту систему – они допускают любую кулинарную обработку продуктов питания. Конечно, варку и готовку на пару они считают предпочтительнее обжариванию продуктов. Но допускают и это.

Наряду с семенами и фруктами, они используют хлеб, приправленный из цельного зерна со всеми отрубями. Чрезмерная очистка и рафинация продуктов питания считается излишней и вредной, так как лишает пищу энергетической ценности и столь необходимой клетчатки.

Веганы любят сорта пшеницы грубого помола, высоко ценят ржаную муку. Хлебу из ржаной муки отдает предпочтение подавляю-

щее большинство, так как именно ржаная мука имеет самое большое количество балластных грубых веществ и растительных волокон. Хлеб в соединении с фруктами, ягодами они считают самым полезным продуктом: питательным и вкусным одновременно.

Эти пищевые продукты, считают веганы, не расслабляют и не возбуждают организм; не раздражают пищеварительную систему и не ведут к ее атрофии. А вот рафинированные и чрезмерно измельченные продукты, напротив, лишают организм стимула к работе и делают его слабым и больным.

Словом, чтобы стать веганом, не требуется сильно ломать свое мировоззрение, исключать из рациона подавляющую массу блюд и переходить на сыроедение. Кроме того, переход на старовегетарианство экономически выгоден: можно употреблять в пищу любые недорогие овощи, в достатке имеющиеся в странах средней полосы, и экономить на приобретении достаточно дорогих продуктов – мяса, масла, яиц.

По материалам интернет-ресурсов РК





## ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

# АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТУРАЛЫ

«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» хабарлайды: 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап арнаулы мемлекеттік жәрдемақы (АМЖ), 18 жасқа дейінгі мемлекеттік балалар жәрдемақысы (МБЖ) және атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) тоқтатылып, жұмысқа жарамды отбасы мүшелерінің міндетті түрде жұмыспен қамту шараларына белсенді қатысу талабымен, әрбір мүшесіне санағанда табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің (бүгінде – 40%) 50 пайыздан төмен отбасыға, атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) көрсетудің жаңа тәртібі енгізіледі.

Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) жаңа үлгіде шартсыз және шартты ақшалай көмек болып 2 түрге бөлінеді.

**Шартсыз ақшалай көмек**, құрамында еңбекке жарамсыз мүшелері бар отбасыларға (мәселен қарт зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы) немесе еңбекке жарамды мүшелері еңбекпен қамту шараларына белгілі бір себептермен қатыса алмайтын отбасыларға (мысалы мектеп жасындағы балалары бар жалғызбасты ана) беріледі. Мұндай отбасылардың жәрдемақы алуы үшін жұмыспен қамту шараларына міндетті түрде қатысу талап етілмейді.

**Шартты ақшалай көмек** құрамында еңбекке жарамды кем дегенде бір мүшесі бар отбасыға әлеуметтік келісімшарт жасасқан жағдайда, сонымен қатар, отбасының барлық еңбекке жарамды мүшелері жұмыспен қамту шараларына қатысқан жағдайда беріледі.

Тұлғаларға ақшалай көмек пен қоса жұмысқа орналасуға көмек беріледі, қайта даярлау мен кәсіби біліктілігін арттыру үшін әртүрлі курстарға жіберіледі. Осылайша, отбасының кедейлік жағдайынан шығу мүмкіндігі ынталандырылады. Толық ақпараттар алу үшін Приозерск қаласы Балқаш көшесі 5 байланыс телефоны: 8(71039) 52317; 53267;

Бижанова Д.С.

«Приозерск қаласы әкімдігінің  
халықты жұмыспен қамту орталығының директоры

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# ОБ АДРЕСНОЙ СОЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ НОВОГО ФОРМАТА

«Центр занятости населения акимата города Приозерск» объявляет: с 1 января 2018 года прекращается выплата специального государственного пособия многодетным семьям, имеющим 4-х и более несовершеннолетних детей (СПП), пособия на детей до 18 лет (ГДП) и адресной социальной помощи (АСП). Вводится новый порядок оказания адресной социальной помощи семьям с доходом ниже 50 прожиточного минимума.

АСП в новом формате будет **классифицироваться на 2 вида:** безусловную и обусловленную денежную помощь.

**Безусловная денежная помощь (БДП)** будет предоставляться малообеспеченным семьям, не имеющим в своем составе трудоспособных членов (например, семьи инвалидов или пожилых пенсионеров), или семьям с трудоспособными членами, имеющими объективные ограничения для участия в мерах содействия занятости (например, одинокая мать с детьми дошкольного возраста). Поэтому для таких семей обязательное участие в мерах занятости для получения пособия не требуется.

**Обусловленная денежная помощь (ОДП)** будет предоставляться малообеспеченным семьям, имеющим в своем составе как минимум одного трудоспособного члена, при условии заключения социального контракта активизации семьи и обязательного участия трудоспособных членов семьи в активных мерах содействия занятости в рамках Программы продуктивной занятости и массового предпринимательства (помощь в устройстве на работу, профессиональное обучение по специальности, при необходимости предоставление членам семьи мер по социальной адаптации).

Лицам предоставляется денежная помощь и оказывается содействие в трудоустройстве, направления на различные курсы переподготовки и повышения квалификации.

Для получения полной информации обращаться по адресу г. Приозерск, ул. Балхашская 5. Контактный телефон: 8(71039) 52317; 53267;

Бижанова Д.С.,

директор «Центр занятости населения  
акимата города Приозерск»

## О ПОЛЬЗЕ ВАКЦИНАЦИИ

**Вакцинация** - это активное создание системы защиты против инфекционных заболеваний. Вакцины защищают малышей от многих болезней, которые тяжело протекают или могут вызвать серьезные осложнения.

Вакцинация доступна, эффективна и безопасна для взрослых и детей с 6-месячного возраста.

Приозерское управление охраны  
общественного здоровья

## ПРОФИЛАКТИКА БОТУЛИЗМА

**Ботулизм** – острое, инфекционное, токсическое и смертельно опасное заболевание. Среди инфекционных заболеваний, передающихся преимущественно пищевым путём, большую опасность несёт ботулизм. Профилактика ботулизма заключается в тщательной термической обработке продуктов питания, строгом соблюдении санитарных норм приготовления, хранения и употребления пищи.

Приозерское управление охраны  
общественного здоровья

## БОЛЕЗНИ КАРТОФЕЛЯ ПРИ ХРАНЕНИИ

Приближается осень - время закладки гражданами запасов на зиму собранного урожая. Сохранить его в целостности и надлежащем качестве довольно сложная задача, требующая наличия определённых навыков и знаний. Специалисты ГУ «Приозерской ГТИ КГИ в АПК МСХ РК» информируют читателями нашей газеты об особенностях хранения картофеля.

При хранении картофеля могут проявляться различные болезни, которые способны превратить клубни в негодность.

Чаще всего среди грибных болезней картофеля встречается фитофтора, которая проявляется на клубнях в виде бурых твердых пятен. Если разрезать клубень пораженный фитофторой, то будут видны расплывающиеся коричневые пятна, которые идут вглубь клубня. Внутри клубня при высокой температуре хранения болезнь развивается быстро. Клубни могут заразиться фитофторой во время вегетации (в процессе роста и развития) от больной ботвы, или при уборке. Обычно фитофтора не передается от клубня к клубню.

Еще одним грибным заболеванием картофеля является фузариозная сухая гниль. Сначала это заболевание проявляется в виде бурых вдавленных пятен на клубне, а потом мякоть под пятном засыхает, становится трухлявой, кожура сморщивается. На сморщенной кожуре в дальнейшем появляются споры гриба белого цвета, они разлетаются и тем самым заражают соседние клубни.

### Фузариозная сухая гниль

Чаще всего этой болезнью поражаются поврежденные клубни, она передается с налипшей почвой. В связи с этим рекомендуется мыть поврежденные клубни и обрабатывать их "Фитоспорином". Затем просушивать и укладывать на хранение.

Черная парша (ризоктониоз) также является грибным заболеванием, которое проявляется уже во время роста. При заболевании на клубнях

появляются маленькие черные комочки, которые можно легко соскоблить ногтем. При хранении эта болезнь картофеля от клубня к клубню не передается.

### Черная парша

Бактерии, которые живут в почве, могут вызвать мокрую бактериальную гниль. Это заболевание способно превратить ткань клубня в серую кашу, имеющую отвратительный запах. Еще в почве бактерии проникают в поврежденные или ослабленные клубни и быстро развиваются при высокой температуре, заражая при этом другие клубни. Избыток азота как раз и способствует развитию болезни при выращивании картофеля.

### Мокрая бактериальная гниль

Также при избытке азота в почве почвенные бактерии вызывают обычную паршу, которая представляет собой растрескавшиеся бородавки черного цвета. На вкусовые качества картофеля и хранение это никак не повлияет. К тому же при хранении это заболевание не передается.

### Обыкновенная парша

Стоит отметить, что в поврежденных или больных клубнях может развиваться так называемое вторичное заболевание внутренняя гниль.

При этом избыток азота или недостаток калия могут вызвать потемнение мякоти клубня, но это не является болезнью картофеля. Кроме этого, причиной потемнения может быть пониженная (около 0 °С) или высокая (выше 12 - 15 °С на протяжении 3 месяцев) температура хранения, либо длительная сухая и жаркая погода в период вегетации.

### Потемнение мякоти клубня

При 2 °С мороза происходит подмораживание клубней. Если картофель быстро не разморозить в горячей воде, то при медленном оттаивании кожура сморщится, а мякоть сначала порозовеет, а потом потемнеет. Причем на таких

подмороженных клубнях может быстро появиться мокрая гниль.

Если при разрезе по периферии клубня видны коричневые пятна, то это ржавость клубней (железистая пятнистость). Главной причиной ее появления является избыток в почве алюминия и железа, а также недостаток фосфора во время вегетации. При хранении болезнь не передается.

### Железистая пятнистость

Если во время роста картофеля происходит неравномерное поступление азота и влаги, то внутри клубня образуются пустоты (дуплистость клубней). Если гнильные бактерии проникнут в такой клубень, то он начнет гнить.

### Дуплистость картофеля

Как видите, в основном болезни картофеля появляются при неправильном хранении, а также на поврежденных клубнях. Поэтому будьте аккуратны при сборе урожая. Причем желательно перед закладкой картофеля на хранение осматривать клубни, и если будут попадаться клубни с повреждениями, например, от лопаты, то лучше их использовать в пищу в первую очередь! Также не забывайте контролировать количество азота в почве, так как его избыток способствует развитию некоторых болезней.

К.Р.КАДИРОВА

государственный инспектор по защите  
растений  
ГУ «Приозерская ГТИ КГИ в АПК МСХ РК»

## ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ

### УСЛУГИ

Натяжные потолки,  
быстро и качественно.  
Тел. 87026988613,  
Мади

### АВТОЗАПЧАСТИ

Продам  
Блок-фара на МАЗДА-626  
(переходка), левая, бу, телефон:  
8707 204 02 60

## ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛЮЛИКА»

Предлагает услуги по мужской  
и женской стрижкам, укладке,  
по маникюру, наращиванию  
ногтей и педикюру.  
Ждем Вас по адресу:  
ул. Космонавтов,  
5-107,  
телефон: 5-50-81  
Время работы:  
с 10.00 час. до 19.00 час.  
Мы работаем без выходных!  
На маникюр и педикюр  
запись по телефону:  
8-771-699-32-89

Парикмахерская  
*Милюлика*

Ваша  
красота -  
Наша  
работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ  
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)  
ПЕДИКЮР

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в  
Министерстве связи и информации Республики Казахстан  
Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),  
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: prz\_westnik@mail.ru ВЕБ-САЙТ: www.prio-vestnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда,  
ул. Сатпаева 15. Заказ № 33/521. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,  
формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы  
обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный  
адрес: prz\_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.